

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне, басқа әскерлеріне және әскери құрылымдарына азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында, қазан-желтоқсанында мерзімді әскери қызметке кезекті шақыруды жүргізуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 130 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 22 сәуірде № 3714 тіркелді. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы әкімі аппараты басшысының 2011 жылғы 23 маусымдағы № 08-10/1744 хатымен

Ескерту. Күші жойылды - Қолданыстағы мерзімінің тоқтатылуымен байланысты Қостанай облысы әкімі аппараты басшысының 2011.06.23 № 08-10/1744 хатымен.

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына, "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы № 960 Жарлығын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 15 сәуірдегі № 313 қаулысына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. Қоса беріліп отырған облыстық шақыру комиссиясының құрамы бекітілсін.
2. Қалалар мен аудандардың әкімдіктері:
 - 1) қалалық және аудандық шақыру және медициналық комиссиялардың жұмысын қамтамасыз етсін, қорғаныс істері жөніндегі бөлімдерге (басқармаға) қажетті мөлшерде медициналық мамандар мен техникалық жұмыскерлерді **б ө л с і н ;**
 - 2) алыс жерлерде тұратын азаматтарды медициналық және шақыру комиссиясынан өту және оларды әскери қызметті өткеру үшін жіберілуіне жеткізілуін **қ а м т а м а с ы з** **е т с і н ;**
 - 3) әскери қызметті өткеру үшін жіберілген шақырылғандарды салтанатты шығарып салу жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырсын;
 - 4) шақыру пункттерін жабдықтап, оларды дәрі-дәрмектермен, аспаптармен, медициналық және шаруашылық мүліктермен, автомобиль көлігімен, сондай-ақ

байланыс құралдарымен қамтамасыз етсін;

5) хабарлау, шақыруды жүргізу, медициналық куәландыру және шақырушыларды аудандық, қалалық шақыру пункттеріне, облыстық жиналу пунктіне медициналық комиссияға жеткізу және әскерге жіберу жөніндегі іс-шараларды орындауға байланысты шығыстарды аудандық және қалалық бюджет есебінен қарастырылған қаржы шегінде жүргізісін, сонымен қатар көрсетілген іс-шараларды уақытылы қаржыландыруды жүзеге асырсын;

б) шақыру учаскелеріне және облыстық жиналу пунктіне жұмыс істеу үшін жіберілген шақыру комиссиялары мүшелерінің, медициналық, техникалық жұмыскерлердің және қызмет көрсететін тұлғалардың, яғни осы азаматтарды жіберіп отырған ұйымдарда олардың жалақысы, жұмыс орны және атқаратын лауазымы сақталатынын назарға алсын;

7) қорғаныс істері жөніндегі бөлімдерге (басқармаға) жабдықталған шақыру пункттерін бөлу жөнінде шаралар қабылдасын.

3. "Қостанай облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі облыстық, қалалық және аудандық медициналық комиссияларды қажетті мөлшердегі дәрігер мамандармен, медициналық аспаптармен және мүліктермен, оның ішінде флюорографиялық пленкамен және химиялық реактивтермен толықтыру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырсын.

4. "Қазақстан темір жолы" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының Қостанай жол бөлімшесі филиалы (келісім бойынша) "Қостанай облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті" мемлекеттік мекемесінің (келісім бойынша) өтінімі бойынша шақырушыларды қызмет орнына жөнелту үшін жолаушылар поезынан қажетті орын санын бөлуді ұсынамыз.

5. "Қостанай облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті" мемлекеттік мекемесі (келісім бойынша) "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 21 шілдедегі Заңына сәйкес облыстық жиналу пунктінде азық-түлік сату және ыстық тамақ беруді ұйымдастыруды ұсынамыз.

6. "Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қостанай облысының ішкі істер департаменті" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) шақыруды өткізу және командаларды жөнелту кезеңінде:

1) әскери міндетті орындаудан бас тартқан тұлғаларды іздестіру және ұстауды өзінің құзыреті шегінде жүзеге асыру;

2) облыстық жиналу пунктінде, қалалық және аудандық шақыру пункттерінде шақырушылар арасында қоғамдық тәртіпті сақтауға қолдау көрсету жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;

3) шақырушыларды жөнелту және қайту кезінде облыстық жиналу пунктінде және темір жол вокзалында қоғамдық тәртіпті сақтауды қамтамасыз ету

Ұ с ы н ы л с ы н .

7. Орындалған жұмыс туралы ақпарат облыс әкімінің аппаратына 2010 жылғы 10 шілдеге және 2011 жылғы 10 қаңтарға дейін берілсін.

8. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Ш. Бектұрғановқа жүктелсін.

9. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2010 жылғы сәуірден бастап туындаған іс-әрекеттерге таратылады.

Қостанай облысының әкімі

С. Кулагин

Ә к і м д і к т і ң

2010 жылғы 15 сәуірдегі

№ 130 қаулысымен бекітілген

Облыстық шақыру комиссиясының құрамы

Негізгі құрам:

Шоқпаров Мәдиханұлы	Марат	-	"Қостанай облысының қорғаныс істері департаменті" мекемесінің комиссия төрағасы (келісім бойынша)
Бисимбаев Жолтайұлы	Жаңабай	-	"Қостанай облысы әкімінің аппараты" мекемесі әлеуметтік бөлімінің комиссия орынбасары

Комиссия мүшелері:

Дүйсенов Айтбайұлы	Сәлім	-	"Қостанай облысының қорғаныс істері департаменті" мекемесі көмекшісі медициналық комиссияның төрағасы (келісім бойынша)
Жұмабаев Көшерұлы	Саиын	-	"Қазақстан Республикасының Ішкі істер Қостанай облысының ішкі істер департаменті" мекемесі орынбасары (келісім бойынша)
			Қостанай облысы денсаулық сақтау әкімдігінің басқармасы "Қостанай облыстық

Маевская Геннадьевна	Татьяна	-	ауруханасы" коммуналдық кәсіпорнының комиссия хатшысы бойынша)	мемлекеттік қазыналық медбикесі, (келісім
-------------------------	---------	---	---	--

Резервтік құрам:

Травин Геннадьевич	Игорь	-	"Қостанай облысының қорғаныс істері департаменті" мекемесі орынбасары, пункт бастығы, төраға бойынша)	жөніндегі мемлекеттік бастығының (жиналу) (келісім бойынша)
Шрамко Иванович	Сергей	-	"Қостанай облысы жұмылдыру азаматтық қорғаныс, мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы" мекемесі жұмылдыру бөлімінің бастығы	әкімдігінің дайындығы, авариялар алдын ұйымдастыру мемлекеттік даярлығы

Комиссия мүшелері:

Бауэр Иванович	Эммануил	-	Қостанай облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының "Қостанай облыстық ауруханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының хирург - дәрігері, медициналық комиссияның төрағасы (келісім бойынша)
Тұрыбаев Бисембайұлы	Мұрат	-	"Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі Қостанай облысының ішкі істер департаменті" мекемесі штаб бөлімінің бастығы (келісім бойынша)
Тобағабұлова Серікқызы	Гүлсім	-	"Қостанай облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті" мекемесінің әскерден тыс дайындау бөлімшесі бастығының көмекшісі (келісім бойынша)